

"Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 20/187 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 сәуірде № 4682 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2022 жылғы 3 маусымдағы № 21/175 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 03.06.2022 № 21/175 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тәрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қоса беріліп отырған "Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 8/90 "Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4194 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 13 (8026) "Сарыарқа" газетінде, 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 13 (168) "Жезказганский вестник" газетінде жарияланған);

2) Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 12/129 "Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 8/90 "Жезқазған

"қалалық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4345 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 37 (8050) "Сарыарқа" газетінде, 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 37 (197) "Жезқазганский вестник" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Д. Тажибаев

С. Медебаев

Жезқазган қалалық мәслихатының

2018 жылғы 27 наурыздағы

№ 20/187 шешімімен бекітілген

"Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заны 33-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді және "Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындауды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне нысаналы мақсатты индикаторлар қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрган басшымен бекітілген құжат;

2) жоғары тұрган басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

4) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

5) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпусы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

6) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағалануши қызметшіге қатысты тұлға;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі - уәкілдегі тұлға) персоналды басқару бойынша бас маман жұмыс органды болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілдегі тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) НМИ жетістіктерін бағалау;

2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелебеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелебеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару бойынша бас маманында бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрган басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрган басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрган басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару бойынша бас маманды сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіpte жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрган басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органдың бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрган басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрган басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрган басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару бойынша бас маманы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

26. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіpte анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару бойынша бас маманды 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тaraу. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарau және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы өкімге өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару бойынша бас маманының қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарau.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару бойынша бас маманы "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі.

Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару бойынша бас маманы және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. "Б" корпусы қызметшісінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару бойынша бас маманымен "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесі мемлекеттік органдардың интранет-порталы арқылы жолданады.

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Жезқазган қалалық мәслихатының
аппараты" мемлекеттік мекемесінде
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне
1-қосымша
Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

ЖЫЛ

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің №тегі,,аты,,әкесінің..аты (болған..жағдайда)) _____

Қызметшінің лауазымы: _____

— Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

| № р/с | Нысаналы мақсатты индикатор лардың атауы | Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісі келісімінің қаи көрсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді | Өлшем бірлігі | Жоспарлы мәні | Кол жеткізу мерзімдері | Түйінді нәтиже* |
|-------|------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|------------------------|-----------------|
| | | | | | | |

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер
Қызметші

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

"Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың

әдістемесіне

2-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

| | | | | | |
|-------|---------------------------------------------------|---------------|--------------|-----------|--------------------------------------------------------------|
| № р/с | Нысаналы мақсатты индикаторларды н атауы | Өлшем бірлігі | Жоспарлымәні | Нақтымәні | Көрсеткішке қол ж е т т і / көрсеткішке қол жетпеді |
|-------|---------------------------------------------------|---------------|--------------|-----------|--------------------------------------------------------------|

Бағалау нәтижесі

(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

"Жезқазган қалалық мәслихатының
аппараты" мемлекеттік мекемесінде
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне
3-қосымша
Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

жыл

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

| | | | |
|--|--|--------------------------------------------|------------------------------------------------|
| | | Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге | Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор |
|--|--|--------------------------------------------|------------------------------------------------|

| № р/с | Кұзыреттер атавы | сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес | атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда) |
|-------|---------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------------------------------|
| 1 | Кызметті басқару | | |
| 2 | Ынтымақтастық | | |
| 3 | Шешім қабылдау | | |
| 4 | Жеделділік | | |
| 5 | Өздігінен даму | | |
| 6 | Кызметті тұтынушыға бағдарлану * | | |
| 7 | Қызметті тұтынушыларды хабарландыру * | | |
| 8 | Адалдық | | |
| 9 | Жаупкершілік | | |
| 10 | Бастамашылдық | | |
| 11 | Стресске орындылық | | |

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

"Жезқазган қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне
4-қосымша
Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

| Кұзыреттер атавы | Мемлекеттік әкімшілік ауазымдар санаты | Тиімді мінез-құлық индикаторлары | Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары |
|------------------|----------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|
| | | Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен | |

| | | |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қызметтік басқару | <p>E-2;</p> <p>қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметтіне бақылау жүргізеді; бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;</p> | <p>Бөлімшениң қызметтін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және ұйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;</p> |
| | <p>E-4;</p> <p>Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді.; өлшеуулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; белгіленген мерзімдерді сақтайды.</p> | <p>Тапсырмаларды жүйесіз орындауды; сапасыз құжаттар әзірлейді; жедел жұмыс жасамайды; белгіленген мерзімдерді сақтамайды.</p> |
| | <p>E-2;</p> <p>Ұжымда сенімді карым-қатынас орнатады; бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін аныктайды.</p> | <p>Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.</p> |
| Інтимақтастық | <p>Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді;</p> | <p>Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді</p> |

| | | | |
|----------------|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | E-4; | мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен қарым-қатынасты дамытады; талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындайды. | және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптеріне жүгінбейді; әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен және әріптерімен өзара әрекеттеспейді; әріптерімен мәселелерді талқыламайды. |
| Шешім қабылдау | E-2; | Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алады; шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, күзыреті шегінде шешім қабылдайды. | Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамдайды; шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді. |
| | E-4; | Қажетті мәліметтерді таба алады; мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; өзінің пікірін негіздей алады. | Қажетті мәліметтерді таба алмайды; мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; негізсіз пікір білдіреді. |
| | E-2; | Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында | Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырайды және туындаған мәселелерді шешпейді; кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында |

| | | | |
|-------------------------------------|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қызметті тұтынушыға бағдарлану | | қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды; қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болуарқылы көрсетеді. | қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді. |
| | E-4; | Сыпайы және тілектестікпен қызмет көрсетеді; қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді. | Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді ; тұтынушының сұраптары мен мәселелеріне мән бермейді; қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды. |
| Қызметті тұтынушыға ақпарат тандыру | E-2; | Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін құрметтейді. | Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді; қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін елемейді. |
| | E-4; | Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады. | Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды. |
| | E-2; | Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты | Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және |

| | | | |
|----------------|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жеделділік | | жаксарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді. | жұмысты жаксарту бойынша шаралар қабылдамайды; болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды. |
| | E-4; | Жұмысты жаксарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; оларды енгізуіндегі жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді. | Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді. |
| Өздігінен даму | E-2; | Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; максатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды . | Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; максатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды. |
| | E-4; | Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; өзіндігінен дамуға үмтүлады, жаңа ақпараттар мен оны колданудың әдістерін ізденеді; тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады. | Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; өзіндігінен дамуға үмтүлмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; өзінде бар дағылармен шектеледі. |
| | | Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды; | Ұжымда белгіленген стандарттар мен |

| | | | |
|---------------------|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Адалдық | E-2; | <p>ұжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары қояды;</p> <p>жұмыста табандылық танытады;</p> <p>ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады;</p> <p>бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді;</p> <p>риясыздық, әділдік, адаптивтілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып,</p> <p>бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.</p> | <p>нормалардың, шектеулер мен тыбымдардың орын алудына жол береді;</p> <p>өз мұддесін ұжым мұддесінен жоғары қояды;</p> <p>жұмыста табандылық танытпайды;</p> <p>ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды;</p> <p>бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді;</p> |
| | E-4; | <p>Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады;</p> <p>өзінің жұмысын адаптивтілік нормаларына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады;</p> <p>өзінің жұмысын орында барысында нормаларынан айырмашылық білдіреді;</p> <p>өзін адальсыз, шамданған және басқаларға дәрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады;</p> | <p>Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады;</p> <p>өзінің жұмысын орында барысында нормаларынан айырмашылық білдіреді;</p> <p>өзін адальсыз, шамданған және басқаларға дәрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады;</p> |
| Стресске орнықтылық | E-2; | Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшиліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды. | Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшиліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды. |
| | E-4; | Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшиліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды. | Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшиліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды. |
| | E-2; | Күрьылымдық бөлімшеше қызметтін | Күрьылымдық бөлімшеше қызметтін ұйымдастыру |

| | | | |
|---------------|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жауапкершілік | | ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады. | жауапкершілігін басқалаузымды тұлғаға артады. |
| | E-4; | Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады. | Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады. |
| Бастамашылдық | E-2; | Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді. | Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді. |
| | E-4; | Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды. | Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды. |

"Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне
5-қосымша
Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттamasы

— (мемлекеттік органның атауы)

— (бағалау мерзімі жыл)
Бағалау нәтижелері

| № р/с | Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Бағалау нәтижелері туралы мәлімет | Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда) | Комиссияның ұсыныстары |
|-------|----------------------------------------------------------|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------|------------------------|
| 1. | | | | |

| | | | | |
|-----|--|--|--|--|
| 2. | | | | |
| ... | | | | |

Комиссия корытындысы:

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: _____ Күні: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: _____ Күні: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мұшесі: _____ Күні: _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК